

**«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ АТБАСАР АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ АТБАСАР
ҚАЛАСЫНЫҢ № 7 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА № 7
ГОРОДА АТБАСАР ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО АТБАСАРСКОМУ
РАЙОНУ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»**

БҰЙРЫҚ № 01-05/356-1
04 қазан 2023ж.
Атбасар қаласы

ПРИКАЗ № 01-05/356-1
04 октября 2023г.
город Атбасар

**«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»
жұмысын ұйымдастыру,
қызметін жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағын, «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылында мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (әрі қарай Орталық) жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Төмендегі функционалды міндеттермен қоса мектептің ішкі тәртібі бекітілсін:
 3. Орталық қызметіне басшылық жасау және бақылау мектеп директорына жүктелсін;
 - 2.1. Смагулова Б.С. - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына:
 - ата-аналар, білім алушылар мен педагогтердің мониторингке қатысуын қамтамасыз етсін
 - Орталық аясында өтетін сабақтардың кестесін жасап, бекіту.
 - Орталық қызметі туралы ақпаратты жоғары уәкілетті органдарға уақытылы жеткізу жүктелсін.
 - 2.2. Тохил Айгул - директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына:
 - Орталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинеттерін педагогтерге бекіту, ата-аналармен сабақ өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, сабақ өтуі барысында санитарлық-гигиеналық талаптар мен мектепке бөгде адамдардың кірмеуін қамтамасыз ету жүктелсін;
 - 2.3. Акпаева Ж.К. - мектеп кітапханашысына: педагогтер мен сынып жетекшілерге ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету жүктелсін.